

Қазақстан Республикасының инвестициялық мүмкіндіктерін таныстыру жөніндегі ақпараттық жұмыстың 2008 жылға арналған жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 21 сәуірдегі N 103-ө Өкімі

"Мемлекет басшысының 2005 - 2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысын орындау үшін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы инвестициялық мүмкіндіктерінің тұсаукесері жөніндегі ақпараттық жұмыстың 2008 жылға арналған жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар мен мүдделі ұйымдар:

1) Жоспарға сәйкес тиімді ақпараттық жұмысты;

2) жарты жылда бір рет, есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне өткізілген іс-шаралардың нәтижелері жөніндегі ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі жарты жылда бір рет, есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылуы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

2 1

с ә у і р д е г і

N

1 0 3 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының инвестициялық мүмкіндіктерін таныстыру жөніндегі ақпараттық жұмыстың 2008 жылға арналған жоспары

Р/с N	Іс-шара	Өткізу орны*	Өткізу мерзімі	Орындауға жауаптылар	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6

Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі іс-шаралар

1.	"Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері" бизнес-форумы	Гаага қаласы, Нидерланд Корольдігі	26 - 29 мамыр	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазына ОДҚ" АҚ	ИСМ
2.	"Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері" бизнес-форумы	Токио қаласы, Жапония	Жыл ішінде	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазына ОДҚ" АҚ	ИСМ
3.	"Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері" бизнес-форумы	Сеул қаласы, Корей Республикасы	Қыркүйек	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазына ОДҚ" АҚ, "Оңтүстік" АЭА дирекциясы" ММ	ИСМ, "Оңтүстік" АЭА" дирекциясы" ММ

Қазақстан Республикасындағы іс-шаралар

4.	"Asia society" бизнес-форумы	Астана қаласы	12 - 14 шілде	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазына ОДҚ" АҚ	ИСМ, СІМ
5.	Қазақстандық және бразилиялық іскер топтар қатысатын бизнес-форум	Астана қаласы	Жыл ішінде	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, СӨП, "Қазына ОДҚ" АҚ	ИСМ
6.	Қазақстандық және малайзиялық іскер топтар қатысатын бизнес-форум	Астана қаласы	Жыл ішінде	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазына ОДҚ" АҚ	ИСМ
7.	Қазақстан Республикасының және Біріккен Араб Әмірлігінің кәсіпкерлері қатысатын бизнес-форум	Астана қаласы	Қазан	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазына ОДҚ" АҚ	ИСМ

Ескертпе:

* Инвестициялық іс-шаралар 2008 жылдың ішінде Мемлекет және Үкімет

басшыларының шетелге сапары шеңберінде, ел басшылығының Қазақстан өңірлері бойынша сапары кезінде, сондай-ақ шетел мемлекеттері басшыларының Қазақстанға сапары барысында өткізілуі мүмкін. Көрсетілген іс-шараларды өткізу мерзімі мен орны болжамды болып табылады, қазақстандық тараптың шетелдік ұйымдастырушылармен уағдаластығына байланысты өзгертілуі мүмкін.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
"Қазына ОДҚ" АҚ - "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы
"Оңтүстік" АЭА дирекциясы" ММ - "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының
дирекциясы" мемлекеттік мекемесі
СӨП - Қазақстан Республикасының сауда-өнеркәсіп палатасы